

«Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары
Палатасының Басқармасы
2024 жылғы «17» шілдеде
«БЕКІТТІ»



**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және
терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң
консультанттарына арналған
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Әдістемелік ұсныстыар «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – бейіндік заң) 80-бабының 13-1-тармағында және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында (бұдан әрі – арнайы заң) қамтылған талаптарға сәйкес «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – KazBar Палатасы) мүшелеріне арнап әзірленген.
- 1.2. Арнайы заңының 3-бабы 1-тармағының 7-тармақшасы бойынша, заң консультанттары клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша мына төмендегі қызметке қатысты ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларға қатысатын кезде олар да қаржы мониторингі субъектілеріне жатады:
 - жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату;
 - клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе басқа да мүлкін басқару;
 - банктік шоттарды немесе бағалы қағаздардың шоттарын басқару;
 - компанияны құру, қамтамасыз ету, жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражатты шоғырландыру;
 - заңды тұлғаны құру, сатып алу-сату, жұмыс істеуі немесе оны басқару.
- 1.3. Арнайы заңда көзделген жағдайларда қаржы мониторингі субъектілері «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.
- 1.4. Қаржы мониторингіне жататын мәміле туралы мәліметтер мен ақпарат анықтау, алдын ала тергеу органдарында, соттарда жеке және (немесе) заңды тұлғаларға өкілдік ету және қорғау мәселелері бойынша заң көмегін көрсетуге байланысты, сондай-ақ шешу үшін көсіби заң білімінің болуын қажет ететін мәселелер бойынша консультация, түсініктеме, кеңес және жазбаша қорытынды түрінде заң көмегін көрсеткендегі, талап арыз, шағымды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды рәсімдеген кезде алынған болса, заң консультанттары және заң мәселелері жөніндегі өзге де тәуелсіз мамандар бұл мәліметтер мен ақпаратты бермейді.

2. Ішкі бақылау

2.1. Ішкі бақылау мына мақсатта жүзеге асырылады:

- 1) KazBar палатасы мүшесінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті деңгейде бейінді және арнайы заңдардың талаптарын орындаудың қамтамасыз ету;
- 2) бейінді және арнайы заңдардың талаптарын сақтау мәселелерінде KazBar палатасы мүшеслерінің қызметіне ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қалыпта сақтау;

2.2. Ішкі бақылауды ұйымдастыруға келесі процедуралар кіреді:

- 1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруы (жылыстатуы) және терроризмді қаржыландыруы туралы жеткілікті негіздер болған жағдайда клиенттерге заң көмегін көрсетуден бас тарту;
- 2) KazBar палатасы мүшесінің уәкілетті органға арнайы заңда көзделген, қаржылық мониторингке жататын операцияларға қатысу туралы мәліметтер мен ақпаратты беру;
- 3) KazBar палатасы мүшесінің қаржылық мониторингке жататын мәмілелерді құжат жүзінде тіркеуі;
- 4) заң консультанттары қаржылық мониторингке жататын кәсіптік қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға осындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберу;
- 5) KazBar палатасы мүшесінің клиент қаржылық мониторингке жататын қызметті жүзеге асырған кезде оған заң көмегін көрсетуге байланысты барлық құжаттар мен мәліметтерді сақтау.

3. Палата мүшесінің бейінді және арнайы заңдардың талаптарын сақтау бойынша функциялары:

- 1) клиенттің операцияларын күдікті деп тану туралы шешім қабылдау;
- 2) клиенттің арнайы заң бойынша салынатын операциялары бойынша заң көмегін көрсетуді тоқтата тұру немесе көмек көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдау және бұл туралы уәкілетті органға хабарлау;
- 3) клиенттің арнайы заң талаптары таралатын операцияларына қатысты қабылданған шешімдерді құжат жүзінде тіркеу;
- 4) арнайы заңда көзделген жағдайларда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органға ақпарат беру;
- 5) арнайы заңда көзделген жағдайларда арнайы заң талаптарының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін KazBar палатасының мүшесі <https://websfm.kz> порталын пайдаланады.

4. KazBar Палатасының мүшеслерін оқыту

- 4.1. Оқудың мақсаты заң консультанттарының бейінді және арнайы заңдардың талаптарын орындауды үшін қажетті білім алуы және дағдыларды дамытуы болып табылады.
- 4.2. KazBar Палатасының мүшеслерін оқытууды Атқарушы орган Палатаның Біліктілікті арттыру стандарттары шеңберінде және арнайы әзірленген Оқу бағдарламасының негізінде жүргізеді.

5. Жауапкершілік шаралары

- 5.1. KazBar палатасының мүшелері болып табылатын заң консультанттарының арнайы заңның талаптарын орындамағаны үшін жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және KazBar палатасының ішкі актілерінде көзделеді.

ҚҰЖАТТЫҢ СОҢЫ

